

"2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Арал ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 ақпандағы № 41-қ қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 254-қ қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 06 желтоқсанда № 5661 болып тіркелді. 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. "2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Арал ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 ақпандағы № 41-қ қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5406 болып тіркелген, 2016 жылғы 26 наурызда "Толқын" газетінде жарияланған) мынадай **ө з г е р і с е н г і з і л с і н :**

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа **р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н .**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Арал ауданы әкімінің орынбасары Ж. **Ә л і ш е в а ғ а ж ү к т е л с і н .**

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап пайда болған қатынастарға таралады.

*Арал ауданы әкімінің
міндетін атқарушы*

Р. Өтешов

Аудан әкімдігінің 2016 жылғы
"28" қарашадағы № 254-қ
қаулысына қосымша
Аудан әкімдігінің 2016 жылғы
"29" ақпандағы № 41-қ
қаулысына қосымша

2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)	
			Балабақшалар	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-ана төлемақысының ай сайынғы мөлшері (Алты еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес)	Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қызмет алатын жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардағы ата-ана төлемақысының ай сайынғы мөлшері (Он еселенген айлық есептік көрсеткіштен артық емес)
1	Арал ауданы	1908	26295	19929	12726	21210